

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2023



**SAMRUK  
KAZYNA  
TRUST**

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ  
ДАМУ ТҰҚЫ

## БИІКТЕРГЕ БІРГЕ!





15 zhyl

SAMRUK  
KAZZYNA

БИКТЕРГЕ БІРГЕ!  
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП • 2023

«SAMRUK-KAZYNA TRUST» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ  
ДАМУҒА ҚОҒАМ – «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОМПАНИЯЛАРЫ  
ТОБЫНЫҢ БІРЫҢҒАЙ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ОПЕРАТОРЫ



# МАЗМҰНЫ

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының алғы сөзі 4
- «Samruk-Kazyna Trust» КҚ бас директорының алғы сөзі 5



01

## ҚОР ТУРАЛЫ

6

- Миссия 6
- Қағидалар 6
- Қамқоршылық кеңес туралы 7
- «Samruk-Kazyna Trust»: басты көрсеткіштер 8
- Қайырымдылық бюджет 11



02

## БАСТЫ ОҚИҒАЛАР

12



03

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖОБАЛАР

16

- Оңалту орталықтары 18
- Ерте араласу орталықтары 22
- Аутизмі бар балаларға арналған орталықтар 23
- 18 жасқа дейінгі балаларға арналған оңалту орталықтары 24
- Даун синдромы бар балаларға арналған орталық 26
- «Аутизмді жеңеміз!» жобасы 28
- Қатерлі ісігі бар балаларға көмек 29
- Ақтөбе облысындағы онкологиялық науқастарды оңалту 31
- Жаңа туған нәрестелердің көру қабілетін сақтау 32
- «Балаларға өмір сыйла» және «Жетімсіз Қазақстан» жобалары 34
- Инклюзивті спорт лагерьлері 36
- Ерекше балалар үшін бейімделген тегін спорт секциялары 38
- Ерекше балаларды спортқа баулу 40
- Кентау қ. арнаулы кәсіптік колледжінің ерекше студенттерін қолдау 42
- Ауыл халқына сапалы медициналық және құқықтық көмек 44
- «Туған елге саяхат»: Балалар саяхат пойызы 48
- Білім беру гранттары 50
- Тегін білім беру үйірмелері 52
- Әлеуметтік осал топтардағы оқушыларды қолдау 54
- «Жеңіс»: Соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне қамқорлық 56
- «Тағылым»: Ардагерлерге құрмет 58

# БИІКТЕРГЕ БІРГЕ!

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП • 2023

- Мемлекеттік тілді қолдау 60
- Спорт кешендері 62
- Ауылдардағы әмбебап спорт-ойын алаңдары 64
- Ерекше балаларға ойын және спорт алаңы 66
- «SAMRUK BALA CUP 2023» балалар хоккей турнирі 68
- Креативті орталық; Ақтөбе облыстық кітапханасын жаңғырту 70



04

## II КОРПОРАТИВТІК ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ФОРУМЫ 72



05

## АҚПАРАТТЫҚ ЖҰМЫС

76



SAMRUK

TRUST

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ ДАМУ ҚОРЫ



2023 жылғы жылдық есептің электрондық форматы «Samruk-Kazyna Trust» қорының веб-сайтында қолжетімді

www.sk-trust.kz



## «САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ



### Құрметті әріптестер!

«Самұрық-Қазына» – 81 миллиард доллардан астам активтері бар ұлттық әл-ауқат қоры. Қордың кәсіпорындары мұнай-газ және энергетика салалары, тау-кен металлургия кешені, атом және химия өнеркәсібі, сондай-ақ телекоммуникация, көлік және логистика салалары сынды экономиканың түрлі секторларында қызмет атқарады.

Қордың негізгі мақсаты басқаруымыздағы активтердің құнын арттыру болғанымен, қайырымдылық біздің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігіміздің ажырамас бөлігі болып қала береді. Біз үшін «Самұрық-Қазына» қызметі қоғамға, өңірлерді дамытуға және қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға оң өзгеріс әкелуі маңызды.

Қор компаниялары атынан қайырымдылық көмек көрсетуді жүйелі ету мақсатында бірыңғай қайырымдылық операторы «Samruk-Kazyna Trust» құрылған. Жыл сайын бұл қор арқылы жарты миллионнан астам адамға қолдау көрсетіледі. 2023 жылы 46 жоба іске асырылды, көрсетілген қайырымдылық көмек сомасы 7,2 млрд теңгені құрады.

Біз инклюзияға басымдық бере отырып, оңалту орталықтары мен бейімделген спорт секцияларының желісін құрдық, сондай-ақ ауылдық аймақтар мен халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау үшін білім мен спорт бағыттарындағы бастамаларды жүзеге асырудамыз.

Бүгінгі таңда әр облыста және бірқатар аудан орталықтарында 38 оңалту орталығын аштық, осылайша қоғамның ерекше мүшелеріне оңалту қызметі қолжетімді бола түсті. 23 қалада бейімделген спорт түрлері бойынша 89 спорт секциясы жұмыс істейді, 1000 баланы қамтыған инклюзивті және экскурсиялық лагерьлер ұйымдастырылды. Бұл ерекше балаларға қоғамда әлеуметтенуге, физикалық және психоэмоционалды жағдайын жақсартып отырып, алғашқы қадамдарын істеуге мүмкіндік берді.

Жыл сайын «Медициналық пойыздар» жобасы аясында шалғайдағы ауылдардағы 100 мыңнан астам тұрғынына дәрігерлер мен медиаторлар тегін медициналық және құқықтық көмек көрсетеді. Бұқаралық спортты дамыту бастамасы аясында төрт өңірде 26 спорт және ойын алаңдары ашылып, 9 облыста ірі спорт кешендері салынды. Сондай нысандардың бірі ірі орман өртінен зардап шеккен Қостанай облысындағы Әулікөл ауданының Аманқарағай ауылында ашылды. Түркістан облысының Сарыжаз ауылында салынған алғашқы спорт алаңы тек жергілікті тұрғындар үшін ғана емес, көрші ауылдардың балалары мен жастары жиналатын орталыққа айналды.

Біз әлеуметтік-медициналық көмек көрсетудің жаңа үлгілері мен стандарттарын әзірлеу, спорттық инфрақұрылымды дамытуға инвестиция сала отырып, баршаға арналған инклюзивті орта құруға ықпал етеміз деп сенеміз. Сонымен қатар, қайырымдылық жобалары қоғамда адамгершілікті, өзара көмек сезімін және жанашырлықты дамытуға көмектесіп, көпке үлгі бола алады.

*«Самұрық-Қазына» АҚ  
Басқарма төрағасы  
Нұрлан Жақыпов*

## «SAMRUK-KAZYNA TRUST» КҚ БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ



### Құрметті достар мен серіктестер!

Өткен жыл ерекше маңызды оқиғаларға толы жыл болды. Жарты миллионнан астам азаматқа қол ұшын беріп, серіктестермен бірге елеулі нәтижелерге қол жеткіздік. Осылайша мүмкіндіктер аясын кеңейтіп, баршаға пайда әкелетін жаңа жобаларды іске қостық. Барлық игі бастама «Самұрық-Қазына» АҚ 15 жылдығымен тұспа-тұс келіп, мерейлене түсті.

Сіздің қолыңыздағы жинақ – жылдық есеп. Бұл біздің жеткен жетістіктерімізге есеп, алға қойған мақсаттарымызды бағалау және келешектегі міндеттерімізді анықтау белесі.

«Самұрық-Қазына» қорының бірыңғай қайырымдылық операторы ретінде зор жауапкершілік жүгін көтере отырып, әрбір әлеуметтік жоба арқылы халықтың мұң-тілегін орындап, мұқтаж жандарға қол ұшын созуды міндет еттік.

«Самұрық-Қазына» АҚ құрамындағы компаниялар жұмыс істейтін өңірлерге басымдық бере отырып, елдік мәселелер де бәрімізге ортақ екенін ұмытпадық. Бұл ретте

2023 жылы қайырымдылық қызметімізде 70/30 ұстанымын назарда ұстадық.

Оңалту орталықтарын ашуды жалғастырып, спорт инфрақұрылымын нығайту және білім мен мәдениет саласындағы жобаларды қамти отыра, 13 өңірдегі ауылдық жерлерде спорт кешендері мен спорт алаңдарын халық игілігіне беріп, ауыл халқына тегін медициналық және құқықтық көмек көрсеттік. Ерекше балаларға қамқорлық танытып, тең қоғам қалыптастыруға үлес қостық.

Қор қызметінің ашықтығы мен қолжетімділікті сақтай отырып, ақпараттық жұмысты күшейтті. Соның арқасында 2023 жылы жобаларды жүзеге асыруға 246 өтінім келіп түсіп, тиісті көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда екі есеге көп болды. Бұл «Samruk-Kazyna Trust» танымалдылығының және оған сенімнің жоғарылуының бір айқын көрінісі деп санаймыз.

Әрбір ұйым жұмысының маңызды өзегі – жұртшылықпен байланыс. Әлеуметтік жобалар іске асқан аймақтарда, ондаған ауыл мен аудан орталықтарында болдық. Қоғам алдында қызметті ашық ету, есеп беру – маңызды міндет деп санаймыз. Жыл сайын қаңтар айында Корпоративтік қайырымдылық форумын өткізіп, қоғам, бизнес, мемлекеттік орган өкілдері мен сарапшылар алдында қызметімізді қорытындылау дәстүрге айналды.

Ал қолдарыңызға тиген бұл жылдық есепте істелген жұмыспен танысып, өз бағаларыңызды бересіздер деп ойлаймыз. Осы бір ортақ іске ұйытқы болған Қордың еншілес компанияларына, әлеуметтік жобалардың серіктестері мен «Samruk-Kazyna Trust» ұжымына, жалпы тілекші болған барша жанға алғыс білдіремін. Бірлескен жұмысымыз қоғамды өзгертіп, көмекке зәру адамдарға үміт сыйласа ізгі мұраттың орындалғаны. Жұмыла көтерген жүк жеңіл! Осы жолды бірге жалғастырайық! Биіктерге бірге жетейік!

*Құрметпен, «Samruk-Kazyna Trust» КҚ  
бас директоры  
Аelfия Адиева*



# ҚОР ТУРАЛЫ

«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры 2016 жылдан бері «Самұрық-Қазына» АҚ-ның компаниялары тобының атынан халықтың әлеуметтік маңызды мәселелерін шешуге бағытталған жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асырады.



## МИССИЯ

Қазақстан Республикасы азаматтарының өркендеуіне және халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірін жақсартуға жәрдемдесу

## ҚАҒИДАЛАРЫ



ЗАҢДЫЛЫҚ



ТЕҢ ҚҰҚЫҚ



АДАЛДЫҚ



АШЫҚТЫҚ

## ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС

**Қамқоршылық кеңес** – құрамында «Самұрық-Қазына» АҚ пен қоғам өкілдері бар «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының алқалы басқару органы.

**Міндеті:** Қор қызметін жарғылық мақсаттарға сай жүзеге асыруын бақылау, сондай-ақ қайырымдылық жобалары мен олардың әкімшілерін бекіту.

2023 жылы Қамқоршылық кеңестің 22 отырысы өтті. Кеңесте 51 мәселе қарастырылып, 46 әлеуметтік жоба мен нормативтік-құқықтық құжаттар қабылданды.

### Қамқоршылық кеңес төрағасы



**АУҒАНОВ**  
Фибрат Қайратұлы

«Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару, әлеуметтік-еңбек қатынастары және еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі басқарушы директоры

### Қамқоршылық кеңес мүшелері



**ӨТЕПОВ**  
Мират Маратұлы

«Самұрық-Қазына» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры



**ҚАЛТАЕВА**  
Ләззат Молдабекқызы

ҚР Парламенті Сенатының депутаты, қоғам қайраткері



**ДЕМЕСІНОВА**  
Лаура Бағланқызы

«Самұрық-Қазына» АҚ Инвесторлармен жұмыс департаментінің директоры



**БАЙҒОЖИН**  
Владислав Ерханұлы

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Коммерция жөніндегі бас директоры



## «SAMRUK-KAZYNA TRUST»: БАСТЫ КӨРСЕТКІШТЕР



**524** мың адамға

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ



**7,2** млрд теңге

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ  
КӨМЕК КӨЛЕМІ



**46** жоба

ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ



**264** өтінім

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС  
ҰЙЫМДАРДАН КЕЛІП ТҮСТІ



**3 980** оқушы

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ, СПОРТТЫҚ ЖӘНЕ  
БІЛІМ БЕРУ ҮЙІРМЕЛЕРІМЕН ҚАМТЫЛДЫ



**100** мың адам

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК АЛДЫ



**600** адам

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛДЫ



**13**

ОҒАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ  
АШЫЛДЫ





3

СПОРТ КЕШЕНІ САЛЫНДЫ



26

СПОРТ-ОЙЫН АЛАҢЫ  
САЛЫНДЫ

400

ЖҰМЫССЫЗ АЗАМАТТАР  
ЖАҢА МАМАНДЫҚТАРДЫ  
МЕҢГЕРДІ


227

оқушы

БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫНЫҢ  
ИЕГЕРІ АТАНДЫ

61

баланың

ШЕТЕЛДЕГІ ЕМІ  
ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛДЫ2016-2023 ЖЫЛДАРДАҒЫ  
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БЮДЖЕТІ

# БАСТЫ ОҚИҒАЛАР



## ҚАҢТАР

- 300-ден астам қоғам, бизнес, мемлекеттік орган, «Самұрық-Қазына» компаниялар тобы және БАҚ өкілдерінің қатысуымен **I Корпоративтік қайырымдылық форумы** өткізіліп, «Samruk-Kazyna Trust» қорының 2022 жылдағы қызметіне есеп берілді.
- «Самұрық-Қазына» АҚ **15 жылдығына** арналған қайырымдылық бастамаларды жүзеге асыру бойынша іс-шаралар тізбесі әзірленді.



## АҚПАН

«Табысты отбасы» және «Әрекет» жобалары аясында **Абай, Жетісу, Ұлытау, Түркістан, Ақтөбе және Атырау** облыстарында халықтың неғұрлым осал топтарының 400-ден өкіліне өз ісін бастау үшін құрал-жабдық түрінде грант табыстау жалғасты.



## НАУРЫЗ

- **Маңғыстау** облысының тұрғындарына жаңа да қауіпсіз, қазіргі заманға сай, аумағы 400-ден 1200 шаршы метрге дейін футбол, баскетбол, волейбол және басқа да спорт түрлеріне арналған балалар алаңдары тарту етілді.
- Наурыз мейрамы қарсаңында **Жамбыл** облысының орталығында орналасқан «Үміт» мамандандырылған сәбилер үйінің аумағында балалар ойыны ашылды. Көлемі 300 шаршы метр түрлі-түсті көңілді алаңда 13 ойын құралы орнатылған. Мұнда саналуан дене шынықтыру сабақтарын, спорттық және шығармашылық сайыстар өткізу қарастырылған.



## СӘУІР

- **Павлодар және Шымкент** қалаларында аутизм спектрі бұзылған балаларға арналған орталық ашылды.
- **Ақтөбе, БҚО, Атырау, Маңғыстау және Жамбыл** облыстарының мүгедектігі бар адамдарға арналған клубтар мен мектептерге отырып ойнайтын волейболға қажет еден жабындары, тіректер мен торлар жиынтығы, сондай-ақ волейбол доптарын тегін табысталды.
- Еліміздің шалғай аудандарының тұрғындарына тегін медициналық көмек көрсетілетін **«Саламатты Қазақстан»** пойызы жолға шығып, онда алғаш рет дәрігерлермен қатар медиатор мен заңгер мамандары жұмыс істейтін болды.



## МАМЫР

- **Алматы облысының** Іле ауданы Өтеген батыр ауылында «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубы салтанатты түрде ашылды. «Шыңға өрлеу» жобасы барысында аға буын өкілдерінің арасынан жұмыспен қамтылған мұғалім-тәлімгерлер әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардағы 1-4 сыныптың оқушысына тегін сыныптан тыс қосымша сабақ береді.
- **Жамбыл** облысының Ойық, Бөлітік шешен, Сейілбек және Ұланбел ауылдарында әлеуметтік мақсаттағы нысандар салынып, пайдалануға беру басталды. Бұл ретте Талас ауданы Бөлітік шешен ауылында воркаут пен баскетбол алаңының салтанатты ашылуы өтті.
- **Ақтөбеде** алғаш рет С.Жиенбаев атындағы облыстық жастар кітапханасы жаңартудан өтіп, заманауи шығармашылық кеңістігі ретінде ашылды. Шығармашылық орталық жастардың қызығушылығына байланысты түрлі тақырыптық аймақтардан тұрады.



## МАУСЫМ

- **Атырау** қаласында ерте араласу орталығы, **Талдықорғанда** ерте араласу және аутизмді бар балаларға арналған жобалар іске қосылды. **Өскеменде** аутизмді бар балаларға арналған орталық жұмысын бастады.

- Қостанай (1), Ұлытау (5), Абай (5) және Жетісу (5) облыстарындағы медициналық мекемелеріне **16 жедел жәрдем көлігі** жеткізілді.
- **Алматы облысында** ерекше қажеттіліктері бар балалар мен олардың ата-аналарына арналған «All Ability Camp» спорттық лагерінің бірінші маусымы басталды. Лагерь бағдарламасы 10-17 жас аралығындағы психикалық және физикалық дамуында кедергісі бар балалар мен жасөспірімдерге арналған.
- Елордадағы «Нұрлы жол» вокзалынан «Самұрық-Қазына» АҚ 15 жылдығына орай **«Туған елге саяхат»** жазғы танымдық туристік пойызы сапарға аттанды. Үш жазғы маусымда 10-15 жас аралығындағы 600 бала Қазақстанның көрнекті жерлеріне барып, экскурсиялық пойызда ұмытылмас демалыс өткізді.
- Алматыда **Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының** онкология бөліміне қан құрамын өңдеуге қажет «Radgil 2» қондырғысы табысталды.
- Алматыда Даун синдромы бар балаларға арналған **«Күншуақ» орталығы** жұмысын жаңа сипатта бастады.



## ШІЛДЕ

Қазақстанда алғаш рет үстел теннисінен әлемдік жасөспірімдер турнирі өтті. Бес жас санатындағы аламан төрт күнге созылды. Медальдарға әлемнің 13 елінен 159 спортшы таласты.







## ТАМЫЗ

- **Қостанай облысында** ерттен зардап шеккен Аманқарағай ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылды. Сонымен бірге, арнайы «С» сыныпты қажетті талаптар бойынша жабдықталған жедел медициналық жәрдем көлігі табысталды.
- **«Мектепке жол»** республикалық қайырымдылық жобасы аясында Оқу-ағарту министрлігі мен жергілікті атқарушы органдардың тізімдеріне сәйкес, Маңғыстау (1764), Ақмола (1376), Ақтөбе (984), Атырау (922), Шығыс Қазақстан (1075), Батыс Қазақстан (917), Қызылорда (1830), Түркістан (3650), Павлодар (873) және Абай (1609) облыстарындағы 15 мың бірінші сынып оқушысы қамтылды. Бұл тұста ауылдық жерлердегі мұқтаж жандарға атаулы көмек көрсетуге басымдық берілді.
- **Қызылорда облысы** Ақсуат ауылдық округі Маханбетов ауылының тұрғындары «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы атынан 1504 шаршы метрлік жаңа спорт кешенін сыйға еншіледі.
- «Самұрық-Қазына» 15 жылдығына арналған Қор қызметкерлері арасында 8-ші **Спартакиада** өткізілді. Ауқымды сайыс барысында Қор құрамындағы 16 компания өкілдері 11 спорт түрінен күш сынасты.
- **Түркістан облысындағы** Түлкібас ауданында балаларды дамыту және инклюзивті білім беру орталығы жаңаша қарқында жұмыс істей бастады. Орталықта тірек-қимыл аппараты бұзылған, ой-сана дамуы тежелген, мінез-құлқында ауытқу бар, сөйлеу қабілеті төмен, яғни арнайы оқытуды қажет ететін 4-17 жастағы 150 бала мен жасөспірімге жыл бойы педагогикалық-психологиялық түзету, логопедиялық-дефектологиялық, арт-терапиялық жәрдем жасалып, ем алу мақсатындағы тренингтер ұйымдастырылды.
- **Шығыс Қазақстан облысындағы** 266 балаға арналған сауықтыру-демалыс лагері жұмысын бастады. Әлеуметтік осал топтан шыққан балалар мен ата-аналар қатысатын экологиялық лагерь жеті маусымды қамтыды.



## ҚЫРКҮЙЕК

- **Түркістан облысы** Кентау қаласындағы еліміздегі жалғыз арнаулы кәсіптік колледждің ерекше оқушыларына оқу орнының тарихында алғаш рет лифт орнатылды.
- **«Самұрық-Қазына» қорының 15 жылдығына** орай еліміздің 5 өңіріндегі 15 мамандандырылған мекемеге спорттық құрал-жабдықтар табыстала бастады.
- Шығыс Қазақстан облысының орталығы **Өскемен қаласында** «Самұрық-Қазына» АҚ қаржыландыруымен аутизмді бар балаларға арналған оңалту орталығына балалар ойын және спорт алаңы табысталды.
- Шығыс Қазақстан облысының орталығы **Өскемен қаласында** **экологиялық жобаның тұсауы кесілді**. Жоба Оралхан Бөкей атындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесінде іске қосылды. Оның барысында балаларға арналған электронды микроскоп және Өскемен қаласының ауасын, суы мен топырағын зерттеу көрсеткіштерінің жиынтығымен жабдықталған сандық үлгідегі эко-зертхана құрылды.



## ҚАЗАН

- **Түркістан облысы** Кентау қаласында алғаш рет бейімделген спорт бойынша бочча секциясы ашылды.
- «Самұрық-Қазына» АҚ 15 жылдығына орай **«Таланттар байқауы»** өткізілді. Байқаудың ақтық кезеңіне 38 үміткер жолдама алған болатын. Оның ішінде вокал бағыты бойынша 15, айтыс өнерінен 8 және көркемсурет бағытында 14 қатысушы өнер көрсетті.



## ҚАРАША

- **Түркістан облысының** Сарыжаз ауылында алғашқы футбол алаңы ашылды. Спорт алаңының құрылысы 1,5 ай жүргізілді. Алаңда түрлі ауа райына төзімді жасанды шөп төселген, тормен қоршалып, орындықтар қойылған. Енді мұнда түрлі жарыстар ұйымдастырылып, 100-ден аса бала мен жасөспірімнің спортпен айналысуына мүмкіндік туды.
- **Түркістан облысының** қоғам өкілдерімен тығыз байланыс орнату мақсатында баспасөз тұры ұйымдастырылды. Қоғам және БАҚ өкілдері Сарыжаз ауылындағы спорт алаңының ашылуына қатысып, Кентау қаласында орналасқан еліміздегі жалғыз арнаулы кәсіптік колледжде, «Саламатты болашақ» жобасының жұмысымен және мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қолдан саңырауқұлақ өсіріп жатқан әлеуметтік жобасының қызметімен танысты.
- Қазақстандықтарға қаржылық сауаттылық пен сұранысқа ие кәсіптерге үйрететін **«Табысты отбасы»** жобасы **Ақмола облысында** басталды. Кешенді жобаның мақсаты – халықтың ең осал топтарының өкілдері, оның ішінде көбалалы және аз қамтылған, жалғызбасты, ерекше қажеттіліктері бар балалар тәрбиелеп отырған отбасылар мен жастарға шағын бизнес бастауға қолдау көрсету. Оқу аяқталған кейін жоба түлектеріне өз кәсібін бастау үшін 517 500 теңгеге құрал-жабдықтар беріледі.



## ЖЕЛТОҚСАН

- Бүкіләлемдік мүгедектігі бар адамдар күні қарсаңында Түркістан облысы Сарыағаш қаласында және Жамбыл облысының Тараз қаласында **ерте араласу орталығы** мен Шу қаласында 18 жасқа дейінгі балаларға арналған **оңалту орталығы** қолданысқа берілді.
- Қазақстан тарихындағы ең ірі балалар хоккей турнирі ұйымдастырылды. **«SAMRUK BALA CUP 2023»** балалар хоккей турниріне Қазақстанның 8 өңірінен және Өзбекстан пен Қырғызстан республикасынан барлығы 300 бала қатысты.
- **Павлодардағы** облыстық перинаталдық орталыққа ретиналды камера орнатылды. Мұндай камера жаңа туған сәбилердің көру қабілеті бойынша мүгедектігін төмендетуге мүмкіндік береді.
- Орал қаласында ерекше балаларға арналған **Ерте араласу орталығы** іске қосылды.



# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖОБАЛАР

03



2023 жылы келіп түскен 264 өтінімнің 115-і Қамқоршылық кеңеске шығарылып, оның ішінде 46 жоба мақұлданды. Атап айтқанда денсаулық сақтау саласында 7 жоба, әлеуметтік осал топтарды қолдау бойынша 16 жоба, білім саласында 8 жоба, өңірлерді дамыту бойынша 5 жоба, мәдениет пен спорт саласында – 10 жоба.

Жобалар 13 өңірде, соның ішінде Қор компаниялары орналасқан аймақтарда жүзеге асты. Жобалар аясында 524 мың адам көмек алды, оның ішінде 97 мыңы – ана мен бала, 81 мыңы ауыл – тұрғындары. Бір жылда 600-ге тарта азамат жұмыспен қамтылды.

Қордың еңшілес компаниялары орналасқан өңірлерде 4,1 млрд теңге, республикалық ауқымдағы жобалар құны 3 млрд теңгені құрады.

**ДЕНСАУЛЫҚ  
САҚТАУ**  
7 ЖОБА



**ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ  
ТОПТАРДЫ ҚОЛДАУ**  
16 ЖОБА




**МӘДЕНИЕТ  
ПЕН СПОРТ**  
10 ЖОБА



**ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ**  
5 ЖОБА



**БІЛІМ**  
8 ЖОБА



Жобалар аясында


**524** мың  
адам көмек алды

Оның ішінде:

**81** мыңы ауыл  
тұрғындары

**97** мыңы  
ана мен бала

**600** азамат  
жұмыспен қамтылды







## ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҚТАРЫ

**Қоғамда инклюзияны дамыту** – «Самұрық-Қазына» компаниялар тобының бірыңғай қайырымдылық операторы – «Samruk-Kazyna Trust» қоры үшін басым бағыттардың бірі. 2023 жылы Қор қолдауымен елімізде 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді оңалту, ерте араласу және аутизмі бар балаларға арналған 13 оңалту орталығы ашылды. Нәтижесінде, жыл қорытындысында, оңалтудан өткен балалар саны 40 мыңға жуықтады. Жалпы Қордың және серіктестердің қолдауымен бүгінгі таңда 38 оңалту орталығы ашылды\*.



\*2024 жылдың 1 маусымдағы жағдай бойынша



-  **Ерте араласу орталығы**  
Шымкент, Талдықорған, Өскемен, Атырау, Орал, Сарыағаш, Тараз қалалары
-  **Аутизмі бар балаларға арналған орталық**  
Шымкент, Павлодар, Өскемен, Талдықорған, Тараз қалалары
-  **Оңалту орталығы**  
Шу қаласы





### БЮДЖЕТ

**2** млрд  
теңге

**Қамтылған өңірлер:** Қазақстан Республикасы

### Серіктестер:

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры, «Қамқорлық қоры» қоры, жергілікті атқарушы органдар

*Назгүл Тілеубердиева, ата-ана: «Қызымның бастапқыда жатырқап, сұраққа жауап қайтармайтын. Орталыққа барғалы өзгеріс көп. Оның ішінде мінез-құлқы көркейді. Жылу мен мейірім сыйлаған ұжымға, әсіресе кәсібилікпен қол ұшын созған логопедке алғысымыз зор».*

*Арайлым Еркінова, «Қамқорлық қоры» КҚ директоры: «Балалар мүгедектігінің алдын алу үшін ерте араласу орталықтары құрылуда. Өмірдің алғашқы айлары мен жылдарынан бастап функциялардың ауытқуларын дұрыс диагностикалау және түзету қазірдің өзінде бар өзгерістерді жеңілдетіп қана қоймай, сонымен қатар жаңа ағза жұмысының бұзылуының болдырмауға, балалардың әлеуметтік бейімделуінің ауырлығын азайтуға, әр бала үшін барынша мүмкін болатын өмір сапасына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Барлық орталықтың жалпы қамтуы жыл сайын бүкіл ел бойынша 12 000 баланы құрайды. Бұл жобаның қолдаушылары ҚР Үкіметі, жергілікті әкімдіктер, «Қазақстан халқына» және «Самұрық-Қазына» қорлары».*



## ЕРТЕ АРАЛАСУ ОРТАЛЫҚТАРЫ



Қазіргі таңда еліміз бойынша барлығы 16 Ерте араласу орталығы ашылған, соның ішінде 2023 жылы орталықтар Шымкент, Талдықорған, Өскемен, Атырау, Орал, Сарыағаш, Тараз қалаларында іске қосылды.

Ерте араласу орталықтары жыл сайын нейро-ортопедиялық аурулары және олардың пайда болу қаупі бар 3 жасқа дейінгі 600 баланы қабылдауға қауқарлы. Мұнда невропатологтар, оңалту дәрігерлері, жаттығу терапиясының нұсқаушылары,



психологтар, логопедтер және кәсіби терапевттер тобы жұмыс істейді. Балаларға және олардың отбасыларына көмек көрсетудің барлық кезеңінде сенімді негізі бар тәсілдер мен әдістер қолданылады.

Орталық АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Ресей және Қазақстанның сараптамалық деңгейдегі заманауи медициналық оңалту және диагностикалық құралдарымен жабдықталған.

## АУТИЗМІ БАР БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОРТАЛЫҚТАР



Еліміз бойынша барлығы 6 орталық ашылған, соның ішінде 2023 жылы Шымкент, Павлодар, Өскемен, Талдықорған, Тараз қалаларында жұмысын бастады.

Аутизмі және басқа да ой-сана кінәраттары бар балаларға арналған орталықтарда 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына да қолдау



көрсетіледі. Ава-терапия, эрготерапия, кинезиотерапия, бейімделген және емдік-дене шынықтыру, еңбек терапиясы, арт-терапия, музыкалық терапия, сенсорлық интеграция, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау, логопед, психолог және дефектолог кабинеттері жұмыс істейді.



## 18 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҚТАРЫ



Қазақстан бойынша барлығы 15 оңалту орталығы жұмыс істейді, соның ішінде 2023 жылы жаңа оңалту орталығы Жамбыл облысының Шу қаласында ашылды.

Орталық нейро-ортопедиялық бұзылыстары бар 18 жасқа дейінгі балаларға арналған. Ерекше балалар үшін роботты құралдар, тұз шахтасы,

шунгит бөлмесі, эрготерапия, сенсорлық бөлме, механотерапия, бальнеотерапия, интерактивті бөлме, емдік дене шынықтыру, ойын бөлмелерімен толықтай жабдықталған. Ғимаратты Қазақстан, Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Австрия, Италия және Ресейдің алдыңғы қатарлы өндірушілерінің заманауи оңалту жабдықтары қойылған.



## ДАУН СИНДРОМЫ БАР БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОРТАЛЫҚ



Қор демеуімен Алматыдағы Даун синдромы бар балаларға арналған қоғам өміріне бейімдеу, оңалту орталығы жұмысын жаңа сипатта бастап, 190 бала мен олардың ата-аналары қамқорлыққа алынды.

ЖЫЛ САЙЫН  
**190** бала  
мен ата-анаға  
көмек

БЮДЖЕТ  
**100,7** млн  
теңге



*Татьяны Егай, ата-ана: «Орталық мамандарының зор еңбегі мен күш-жігерінің арқасында Надежда барлық түстерді, әріптер мен сандарды ажырата алады. Оларды анық айта алады. Сонымен бірге, іс-шараларға белсенді қатысқанды ұнатады. Осында достарын тауып, орталыққа баруға асығады»*

*Арайлым Айжанова, жоба үйлестірушісі: «Балалармен жұмыс жасауда біз италияндық профессорлардың техникасымен құралған бағдарламамен жұмыстар жүргіземіз. Ең басты біздің мақсатымыз – ол мектепке жіберу, екінші мақсатымыз – толыққанды жұмысқа орналасуына ықпал ету».*

**Қамтылған өңірлер:** Алматы қаласы және ҚР (онлайн кеңестер)

**Серіктес:**  
«Каритас Қазақстан» қоғамдық қоры



## «АУТИЗМДІ ЖЕҢЕМІЗ!» ЖОБАСЫ



«Аутизмді жеңеміз» жобасы бойынша 260 балаға көмек көрсетіліп, «АСД бар балаларды әлеуметтік белсендіру» бағдарламасы бойынша кемінде 300 балаға психологиялық-педагогикалық қолдау берілді.

Ата-аналар мен аутизм спектрі бар балалармен жұмыс істейтін мамандарға 6 вебинар мен көшпелі семинарлар өткізілді.

**300**  
аутизмі бар  
300 балаға көмек

**БЮДЖЕТ**  
**47** МЛН  
909 204  
теңге

**Қамтылған өңір:** Қазақстан Республикасы

**Серіктес:** «Милосердие» ерікті қоғамы» қоғамдық қоры

## ҚАТЕРЛІ ІСІГІ БАР БАЛАЛАРҒА КӨМЕК



Қазақстанда қатерлі ісігі бар балаларды диагностикалау және емдеу негізінен екі республикалық клиникада жүргізіледі. Соның бірі – Алматы қаласындағы Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы. Аталмыш медицина мекемесіне құны 228 миллион теңге тұратын «Radgil 2» қан құрамын

тазалау жабдығы сатып алынды. Бұл қан тазалау қондырғысы халықаралық стандарттарға сай әрі онкологиялық ауруларды диагностикалау мен емдеу бойынша үздік нәтиже көрсеткен. Содан бері қатерлі ісікке шалдыққан 550 балаға 3 000-нан аса трансфузия жәрдемі жасалды.







Сондай-ақ, жаңа жыл қарсаңында жоба аясында «Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы» АҚ, «Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» АҚ және «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» АҚ емдеу курсынан өтіп жатқан онкологиялық және жүрек-қан тамырлары аурулары бар 340 баланың әрқайсына 50 000 теңге көлемінде сертификаттар тарту етілді.

«Ұлттық ғылыми медициналық орталық» АҚ кардиологиялық клиникасында ем алып жатқан балаларға 30 жұмсақ ойыншықтар табысталды. Астана қаласындағы №1 Психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде көмек көрсетілетін балаларға 500 кондитерлік жиынтық сыйға берілді.

*Қуаныш Үмбетов, бөлімше меңгерушісі: «Қондырғыда ай сайын 700-800 доза қан құрамын сәулелендіруден өткіземіз. Ем алу барысында балаларға қан компоненттерін көп мөлшерде құятындықтан (кейбір балаларға 40-50 дозадан), сәулелендіру міндетті түрде керек. Қор бізге ем құралын тапсырылғалы, бес айда 550-ден астам балаға 3 000-нан аса трансфузия жәрдемі жасалды. Бір балаға ем қабылдау ұзақтығына байланысты бірнеше рет, тіпті 40 ретке дейін қан құйылады. Аппаратты түнде салқындатып алып, тәулік бойы қолданып жатырмыз».*

БЮДЖЕТ

**488**

млн  
004 040  
теңге

**Қамтылған өңірлер:** Астана және Алматы қалалары

## АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ОНКОЛОГИЯЛЫҚ НАУҚАСТАРДЫ ОҢАЛТУ



Қор қолдауымен Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университетінің медициналық орталығында онкорекабилитация бөлімшесі ашылды. Орталық ағзаның бұзылған функцияларын қалпына келтіруге, емдеудің нәтижесінде пайда болған өмірдің жаңа жағдайларына бейімдеуге және әлеуметтік шаралар кешенін жүзеге асыруға бағытталған. Бөлімше арқылы онкологиялық сырқаты бар 3 000-ға жуық қазақстандыққа көмек көрсетіледі. Оңалту бөлімшесі 20 орынға есептелген.

**Қамтылған өңір:** Ақтөбе облысы

**Серіктес:** Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университеті



Орталық «Samruk-Kazyna Trust» қорының 2023 жылы атқарған жұмысына есеп беру шарасында «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Жақыповтың қатысуымен онлайн режимде салтанатты түрде ашылды.

БЮДЖЕТ

**189**

млн  
634 000  
теңге



## ЖАҢА ТУҒАН НӘРЕСТЕЛЕРДІҢ КӨРУ ҚАБІЛЕТІН САҚТАУ



Павлодар облысында жаңа туған сәбилердің көру қабілеті бойынша мүгедектігін төмендетуге мүмкіндік беретін ретиналды камера облыстық перинаталдық орталығына тарту етілді. Өңірде жыл сайын 10 000-нан астам бала дүниеге келеді. Өңірде соңғы бір жылда 763 сәби мерзімінен бұрын туылған. Мұн-

дай балалардың 40%-да ретинопатия – көру қабілетінің толық жоғалуына әкеп соқтыратын ауыр диагноз қойылады. Аппараттың көмегімен 56 бала торлы камерада қаралып, 84 балада «Ретинопатия» диагнозы анықталды.



Қамтылған өңірлер: Павлодар облысы

Серіктес:  
«Аяла» қайырымдылық қоры

БЮДЖЕТ  
**27** МЛН  
384 980  
теңге



# «БАЛАЛАРҒА ӨМІР СЫЙЛА» ЖӘНЕ «ЖЕТІМСІЗ ҚАЗАҚСТАН» ЖОБАЛАРЫ



61

балаға  
шетелдегі  
операциясы  
қаржыландырылды



250

асырап  
алушыға  
консультациялық  
көмек



70

адамға  
құқықтық көмек



«Балаларға өмір сыйла» жобасы аясында Қазақстанда диагнозы емдемейтін 61 балаға шетелде операция жасалуына қаржылай көмек көрсетілді.

Асырап алынған балалардың мәселесімен, балаларды отбасына орналастырумен және басқа да өзекті мәселелер бойынша заңгерлік қолдау көрсетуге бағытталған «Жетімсіз Қазақстан» әлеуетті 250 асырап алушыға бала асырап алу мәселелері бойынша консультациялық көмек, 70-ке тарта азаматқа

балаларды отбасыға орналастыру, балалардың құқықтары және өзге де бұзушылықтарға қатысты жағдайлар бойынша құқықтық қолдау көрсетілді.

БЮДЖЕТ

**131** млн  
920 963  
теңге

**Қамтылған өңірлер:** Қазақстан Республикасы

**Серіктес:**

«Милосердие» ерікті қоғамы» қоғамдық қоры



## ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТ ЛАГЕРЬЛЕРІ



Сал ауруына ұшыраған, аутизм диагнозы қойылған және басқа дерті бар, Қазақстанның барлық түкпірінен жиналған 436 бала ата-аналарымен бірге Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарындағы «ДЦП Лайф» және «Шекарасыз жаз» инклюзивті жазғы сауықтыру лагерлерінде болып, көңіл көтерді, бой сергітті. Жобалар ерекше қажеттіліктері бар бала-

лар мен жасөспірімдерді спортқа баулу, сондай-ақ ата-аналарына психологиялық көмек көрсетіп, ынталандыру мақсаты жүзеге асты. Тиісті қадамдар баланы жеке тұлға етіп дамытуға, олардың демалысын ұйымдастыру арқылы әлеуметтік бейімделуіне жәрдемдесуге бағытталған.



*Зәуре Итенова, «ДЦП Life» қорының директоры: «Біз бас серіктес – «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорына жобаны қолдағаны және іске асыру мүмкіндігі үшін алғыс айтамыз. Бұл еліміздің әлеуметтік дамуына және Қазақстандағы ерекше балалар мен жасөспірімдердің өмір сүру жағдайларын жақсартуға қосылған зор үлес».*

*Виктор Дак, «Антарес-А» қоғамдық қорының директоры: «Жобаның ерекшеліктерінің бірі – оның мүгедектігі бар балаларға ғана емес, олардың ата-аналарына да бағытталуы, атап айтқанда, тренингтер мен семинарлар, белсенді демалыс ұйымдастыру арқылы олардың өмірге ынта-жігерін арттыру болып табылады».*



*Балжан Ибадуллаева, ата-ана: «Бала да, ата-ана да аурухана қабырғасынан жалығды. Әрі елімізде ерекше балалар үшін мұндай жеке лагерлер жоқтың қасы. Ал көлдің жағасында, таза ауада балаларды бір жерге жинау, спортпен шұғылдануға мүмкіндік жасау біз үшін таптырмас ем. Сондықтан бізге ерекше көңіл бөліп, үнемі қолдап жүретін «Самұрық-Қазына» қорына алғысымыз зор».*

**436** бала  
мен ата қамтылды

**Қамтылған өңірлер:** Қазақстан Республикасы

**Серіктестер:** «ДЦП Life» Орталық-Азиялық» қоры, «Шекарасыз жаз» қоғамдық ұйымы

**БЮДЖЕТ**  
**149,2** млн  
теңге



## ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР ҮШІН БЕЙІМДЕЛГЕН ТЕГІН СПОРТ СЕКЦИЯЛАРЫ



«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы атынан қайырымдылықтың бірыңғай операторы — «Samruk-Kazyna Trust» қорының қаржылай қолдауымен еліміздің 23 қаласы мен елді мекенінде тегін инклюзивті және бейімделген

спорт секцияларының желісі құрылып, 1 100 ерекше бала спорттың 12 түрінен – бочча, голбол, адаптивті жүзу, каратэ, таэквондо, дзюдо, пионербол, футбол, бейімделетін жеңіл атлетика, инклюзивті хореографияға қатысып жүр.



23

қала  
мен елді мекен



12

спорт түрі



1 100

бала

**Айнұр Нұрқожаева, ҚР Бочча федерациясының вице-президенті, реабилитолог дәрігер:** «Оңалту жоғалған мүмкіндіктерді қалпына келтіруге, ал абилитация әлеуетті мүмкіндіктерді дамытуға бағытталған. Абилитация әр түрлі болуы мүмкін — қоғамдық, тұрмыстық, кәсіби. Мұның бәрі балалардың дамуына көмектесетіні маңызды. Абилитацияның тағы бір түрі — бейімдеу дене шынықтыру және спорт. Жаттығулардың арқасында мүгедектігі бар балалар қайталама асқынұлармен күресіп, алдын алады. Себебі, аз қозғалған себебінен жаңа патологиялар туындауы мүмкін. Сондықтан бұл секциялар баланың мотивациясын, өзіне деген сенімділігін арттырады, әрі басқа балалармен қарым-қатынас қабілеттерін арттырады»

**Роза Беркешева, ерекше баланың анасы:** «Қызым Дана сирек кездесетін генетикалық сырқатқа шалдыққан. Бұл күрделі диагноздың басты белгісі қолдың дұрыс жұмыс істемеуі. Бірақ, бочча сияқты үйірме жалпы моториканы дамытуға көмектеседі. Алғашында бейімделуі қиынға соқты, алайда қазір қызым оң қолымен жұмыс істей бастады. Яғни, нақты өзгерістер бар. Сонымен қатар, мұнда команда, басқа балалар болған соң, қызым әрбір сабақты асыға күтеді. Боччаға барамыз десем, балам қатты қуанады»

**Секциялар ашылған қалалар мен елді мекендер:** Ақсу, Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Алматы, Астана, Арал, Екібастұз, Жаңаарқа, Жаңаөзен, Кентау, Қарағанды, Қаратау, Қостанай, Құлан, Орал, Өскемен, Павлодар, Семей, Талдықорған, Тараз, Үржар, Шымкент.

**Таэквондо секциясына қатысып жүргеніне Ерасыл Өсербайдың анасы Айжан:** «Бейімдеу спорты ерекше балалар үшін нағыз қажетті дүние. Балалар бұлшықеттерін нығайтып, спорттың қыр-сырын меңгере бастайды. Сонымен бірге, жаңа дос тауып, қоғамда өз орындарын табады. Мұндай талпыныс біздің балаларымыз үшін үлкен мүмкіндік».

**БЮДЖЕТ**  
**194,5** млн  
теңге

**Қамтылған өңірлер:** Қазақстан Республикасы

**Серіктес:**

«Тең мүмкіндіктер әлемі» қоғамдық ұйымы



## ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫ СПОРТҚА БАУЛУ



Инклюзивті қоғамдық дамыту мақсатында, «Самұрық-Қазына» қорының 15 жылдығына орай, еліміздің 15 мамандандырылған мекемесіне спорт жабдықтары жиынтықтары табысталды. 2 мыңнан астам ерекше білім беру қажеттіліктері бар халықтың осал топтарынан шаққан, ата-анасының қамқор-

лығынсыз қалған, өмірлік қиын жағдайға тап болған, ақыл-ойы, сөйлеуі, есту қабілеті бұзылған және психикалық дамуы тежелген мектеп-интернатындағы оқушылар жаңа спорттық құрал-жабдықтарда шынығады.



### Астана қ.

- «2 арнайы мектебі» КММ
- «№3 арнайы мектебі» КММ

### Ақмола облысы

- «Ақкөл ауданы Урюпинка ауылы «Балабақша-мектеп-интернат» арнайы кешені» КММ

### Ақтөбе облысы

- «Аяла» өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығы» КММ
- «Жайсан арнайы білім беру ұйымы» КММ
- «Ақтөбе облыстық есту және көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған «мектеп-интернат-колледж» арнайы кешені КММ



### Атырау облысы

- «№2 арнайы мектеп-интернаты» КММ
- «Сөйлеу қабілеті ауыр балаларға арналған №3 облыстық арнайы мектеп-интернаты» КММ

### Павлодар облысы

- «№1 балабақша-мектеп-интернатының арнайы кешені» КММ
- «№2 арнайы мектеп-интернаты» КММ
- «№3 арнайы мектеп-интернаты» КММ
- «№4 арнайы мектеп-интернаты» КММ
- «№5 арнайы мектеп-интернаты» КММ
- «№6 арнайы мектебі» КММ
- «№7 арнайы мектеп-интернаты» КММ

*Сая Жұмағалиева, Атырау облыстық №3 арнайы мектеп-интернатының директоры: «Жаңа спорттық жабдықтарға ие болып отырмыз. Бұл жабдықтар ерекше балалардың денелерінің шынығып, денсаулықтарының нығаяуына орасан зор көмек беретініне сенімдіміз. Әрбір ерекше балаға көрсетілген сый құрмет, шынайы көңіл, бала жүрегінде қуаныш сезімін ұялататыны сөзсіз»*

БЮДЖЕТ  
**16,4** млн теңге

**Қамтылған өңірлер:** Атырау, Ақтөбе, Ақмола, Павлодар облыстары мен Астана қаласы



## КЕНТАУ Қ. АРНАУЛЫ КӘСІПТІК КОЛЛЕДЖІНІҢ ЕРЕКШЕ СТУДЕНТТЕРІН ҚОЛДАУ



Түркістан облысы Кентау қаласындағы еліміздегі жалғыз арнаулы кәсіптік колледждің ерекше оқушыларына оқу орнының тарихында алғаш рет лифт орнатылды. Оқуға құштар, бірақ мүмкіндігі шектеулі жандар бұған дейін қоларбаларын бірінші қабатқа тастап, жоғарыдағы дәрісханаларға сатымен көтеріліп әуреге түсетін еді. Енді 15-35 жас аралығындағы тірек-қимыл жүйесі бұзылған колледж оқушыларының білім алу жолындағы тауқыметі жеңілдемек.

*Гүлнәр Ниязова, «Эко Атамекен» қоғамдық бірлестігінің төрайымы: «Қазақстандағы жалғыз мүмкіншілігі шектеулі жастарға арналған білім беру мекемесіндегі көп жылдар бойы алаңдатқан әлеуметтік маңызды өткір мәселе ақыры оң шешімін тауып, бұл колледж ұжымы үшін де, ата-аналар үшін де қуанышты жағдайға айналды. Осылайша ұзақ мерзімді, орнықты өзгерістерге жол ашылды».*



БЮДЖЕТ  
**36** млн теңге

**Қамтылған өңір:** Түркістан облысы



**Серіктес:** «Эко Атамекен» қоғамдық бірлестігі



## АУЫЛ ХАЛҚЫНА САПАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК



«Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы 8 айдың ішінде 121 шалғай бекетте болып, 100 мыңға жуық ауыл тұрғынына тегін медициналық және құқықтық жәрдем жасалды.



Жалпы 2010 жылдан бері медициналық пойыздар 1 991 станцияда болып, 658 407 адамның, оның ішінде 142 660 баланың денсаулығы тексерілді. Дәрігерлерге қаралу саны 3 438 081 болып, 28 918 шағын амбулаториялық ота жасалса, 168 991 тұрғынның тісі емделді.







**Максим Лукьянченко, жүк көлігінің жүргізушісі:** «Маған жергілікті ауруханада осы пойызға қаралуға кеңес берілді. Өзім де сөйттім. Дәрігерлер мені өте тез тексеріп, қол ұшын созды. Осылайша ауырғаным басылып, сапарымды әрі қарай жалғастыруға мүмкіндік туды. Бұл сіздердің елдердегі халыққа әлеуметтік қолдау көрсетудің мәні зор, жақсы белгісі. Осындай қонақжайлылық пен қамқорлықтарыңыз үшін шексіз алғысымды білдіремін. Шетелдік ретінде өзге елде қиын сәтте жалғыз қалмадым».

**Анна Гребнюк, Пришимская станциясының тұрғыны:** «Біз үшін бұл, жасыратыны жоқ, үлкен қолдау және өмірлік маңызды көмек. Мысалы, біз отбасымызбен әр дәрігердің алдынан өттік. Күйеуімнің тісі бұрыннан ауыратын. Оны емдеу үшін қалаға бір бара алмай қойды. Ақ халатты абзал жандар жолдасымның тісін емдеуден тыс, жүрегін де тексеріп, әрі қарай жолдама берді. Маған да ультрадыбыстық зерттеу жүргізіліп, жолдама берілді, көзімді тексерді. Балалар барлық қажетті маманға қаралды. Біз өте ризамыз және алғысымыз зор».

**Айнұр Егінбаева, бас дәрігер:** «Адам өмірі мен денсаулығын сақтап қалу үшін жиі көзді ашып-жұмғанша өте жылдам шешімдер қабылдауға тура келеді. Бұл жолы жергілікті фельдшер әріптесіміз пойызға келіп, бізден екі инсульт пен инфаркт алған науқасқа жолығуды өтінді. Оның жүрегі сыр берген. Біз дереу қайтадан инсульт алды ма деген күдікпен тұрғынның үйіне барып, алғашқы көмек көрсеттік және Қарағанды ауруханасының неврологиялық бөлімшесіне шұғыл түрде жатқыздық».

БЮДЖЕТ

**589,6** млн теңге

**Қамтылған өңірлер:** Қазақстан Республикасы

**Серіктестер:**

ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясы, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, ҚР Президентінің Телерадиокешені, «Әлеуметтік жобалар қоры» корпоративтік қоры



## «ТУҒАН ЕЛГЕ САЯХАТ»: БАЛАЛАР САЯХАТ ПОЙЫЗЫ



2023 жылы «Туған елге саяхат» туристік балалар пойызында 600 бала Қазақстанның Астана, Байқоңыр, Түркістан, Алматы, Бурабай және Ақтау сияқты ең әдемі және тарихи өлкелеріне саяхаттады. Балалардың бір бөлігі «Самұрық-Қазына» АҚ өндірістік кәсіпорындары қызметкерлерінің көпбалалы немесе толық емес отбасыларда тәрбиеленетін, үлгерімі жақсы болса, шығармашылық байқаудың нәтижесі бойынша Қазақстанның түкпір-түкпірінен жеткіншектер тағы іріктелді.



**600** бала

**6** өңір

*Гүлнар Құрмет, 11 жастағы қызы алғаш рет саяхат пойызында туған ауылынан тысқары шыққан, «Қазпошта» компаниясының Шортанды қаласындағы бөлімшесінің қызметкері: «Менің қызым көңілді сапарға аттанатына қатты қуанып, күн сайын қоңырау шалып отырдық. Сөйтіп күнде көргендерінің бәрін сипаттап, саяхаттың, жаңа қалалар мен достардың, жалпы барлығының ұнайтынын әңгімелейді. Өміріндегі ең күшті каникул екенін жеткізді. «Самұрық Қазына» қоры балалар үшін осындай керемет мүмкіндік сыйлап, армандарын орындағанына өте ризамын».*

*Асланбек Жанахметов, жобаға қатысқан бала: «Маған Түркістан қатты ұнады. Мен мұнда бірінші рет болдым және расын мойындау керек, соншалықты керемет болады деп күткен жоқпын. Барлығы өте тамаша салынған, самсаған сәулет өнері! Саяхат барысында жаңа достар таптым және география мен тарих туралы молырақ біле түстім. Біз ұлттық ойындарды көп ойнап, ағылшын тілін үйрендік, квест ойнап, уақытты қызықты өткіздік».*

БЮДЖЕТ

**338,5** млн теңге

**Қамтылған өңірлер:** Қазақстан Республикасы

**Серіктестер:**

«Әлеуметтік жобалар қоры» корпоративтік қоры, жергілікті атқарушы органдар



## БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫ



Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының 227 ауыл баласына білім беру гранттары берілді. Жасөспірімдер еліміздің 9 өңірінде орналасқан 45 оқу ошағында және Ақмола облысындағы Бурабайда орналасқан «IQanat High School of Burabay» мектебінде білім алу-

да. Бір жыл ішінде олар академиялық көрсеткіштерін жақсартты, жеке және әлеуметтік дағдыларын дамытты, қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарына түсуге дайындықты бастады. Екеуі жұмысқа орналасып үлгерді.

**227** білім беру гранты

*Нұрбала Демегенова, ата-ана:* «Қызымды қазақ өнерінің қара шаңырағында оқыту үш ұйықтасам түсіме кірген жоқ. Оқу шығынын көтере алмаймыз деген қорқынышпен Жаңаөзенге жақын маңдағы оқу орнын таңдап, сұранысқа ие тарих пәнінің мұғалімі болуға үгіттеп едім. Мектепте сабағының бәрі кілең «бестік» болып, жарыстардан бас жүлде мен I орынды алмай қайтпайтын жігерлі болып өсті. «Жарқын болашақ» жобасы арқасында Алматыға оқуға түсіп, бала арманының орындалуына септігі тиді. Көптеген балалар осы оқу орнына талапталды, бірақ олардың арасында қызымның ғана бағы жанды.

**45** оқу орны

*Дария Сүлеймен, қазақ ұлттық өнер университетінің студенті:* «Қазақ ұлттық өнер университетіне түстің!» деген хабар естігенде бәріміз қуандық. Бастапқыда сенбей жүрдім. Тек Астанаға келіп, колледж ғимаратының табалдырығынан аттағанда ғана тұла бойыммен сезіндім. «Мен шынымен де түстім!» дедім іштей. Отбасымда тұңғыш қыз болғандықтан, артымнан еріп келе жатқан інілеріме үлгімін деп ойлаймын. Осы жетістіктің артында маған қолдау көрсетіп жатқан жандар тұр. Осындай мықты оқуға түсіріп, мүмкіндік берген «Samruk-Kazyna Trust» қорына алғысымды білдіргім келеді».

БЮДЖЕТ  
**678** млн теңге

Қамтылған өңір: Маңғыстау облысы

Серіктес:  
«IQanat» білім беру қоры» қоғамдық қоры



## ТЕГІН БІЛІМ БЕРУ ҮЙІРМЕЛЕРІ



Әлеуметтік осал топтардағы балаларды қолдау мақсатында Астана қаласында «Отбасылық аула клубы – балалардың мүддесі үшін қозғалыс» жобасы арқылы отбасылық аула клубтарының жұмысы жолға қойылды. Онда балалар ағылшын тілін үйреніп, робототехникамен, музыкамен және шахматпен, өзге де пайдалы іспен айналысады. Спорт және шығармашылық үйірмелері жылына 3 500 баланы қамтып отыр. Аталған аула клубтарында тағдырлары ауыр, тұрмыста қиындық көрген ата-аналарға да психолог мамандар кеңес береді.

Сонымен бірге Алматы облысының Өтеген батыр ауылында тұрмысы төмен отбасылардан 480 бала тегін мектептен тыс қосымша оқумен қамтылды. Жобаның ерекшелігі – кішкентай шәкірттерге зейнеттегі тәжірибелі педагогтар сабақ береді. «Шыңға өрлеу» деп аталатын бұл әлеуметтік клубта жұмыспен қамтылған әлеуметтік осал топтағы 25 педагог-тәлімгер 1-4 сыныптың оқушысын күнделікті тегін оқытады. Осылайша ұрпақтар сабақтастығы қалыптасып, өзін жалғыз сезінуден арылуға мүмкіндік алған қариялар балаларға қамқорлық танытып, жылуын сыйлайды, тәжірибесімен, даналығымен бөліседі. Жоба барысында оқушылардың ата-аналарына психологиялық көмекте көрсетіледі.

**3 980** бала  
қамтылды

Қамтылған өңір: Астана қаласы, Алматы облысы

Серіктестер: «Замандас 21» қоғамдық қоры, «Ақ жұлдыз» қоғамдық қоры

**БЮДЖЕТ**  
**252** млн  
063 942 теңге



## ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПТАРДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ



Қор үшін жас буынға, әсіресе өңірлердегі өсіп-өніп келе жатқан ұрпаққа жағдай жасауға және көмек көрсетуге байланысты мәселелер ерекше маңызға ие. Қалыптасқан дәстүр бойынша, оқу жылының басталуына дейін ата-аналар балаларын мектепке толығымен дайындап, киім-кешегін, оқу құралдарын



**15** мың оқушы қамтылды

**БЮДЖЕТ**  
**261,6** млн теңге

**Қамтылған өңірлер:** Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда, Түркістан, Павлодар және Абай облыстары

**Серіктес:**  
Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы



## «ЖЕҢІС»: СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІ МЕН ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНЕ ҚАМҚОРЛЫҚ



«Жеңіс» жобасы аясында 1700 ҰОС ардагері мен тыл еңбеккеріне тұрақты көмек көрсетілді. Бұл дегеніңіз, азық-түлік себеттері, теміржолда тегін жүру, еріктілердің қариялардың үй-жайларын тазалауы сияқты игілікті істер.



БЮДЖЕТ  
**51,4** млн теңге

**Қамтылған өңірлер:** Қазақстан Республикасы

**Серіктес:**  
«ҚР Ұлттық еріктілер желісі» ЗТБ



## «ТАҒЫЛЫМ»: АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ



«Тағылым» жобасы еліміздің өскелең ұрпағын патриоттық тәрбиелеуге бағытталған. Жоба шеңберінде барлық өңірде Ардагерлер ұйымының жұмысы үйлестіріліп, сондай-ақ ардагерлер қозғалысының белсенділерімен кездесулер ұйымдастырылды. Мамандандырылған орталықтардың ашылуының

арқасында қариялардың тиімді уақыт өткізуіне жағдай жасалған. Орталықтарда компьютерлік сауаттылықты оқыту және әлеуметтік желілерде жұмыс істеу үшін түрлі спорт секциялары мен компьютерлік сыныптар, қолөнер, көркемөнерпаздар сыныптары және т. б. жұмыс істейді.




БЮДЖЕТ  
**73** млн  
593 306,60  
теңге

**Қамтылған өңірлер:** Қазақстан Республикасы

**Серіктес:**  
«Ардагерлер ұйымы» РҚБ



## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚОЛДАУ



Мемлекеттік тілді дамыту аясында Қазақстандағы мемлекеттік тілді үйретуге арналған тұңғыш тегін онлайн порталға тұрақты түрде қолдау көрсетіп келеді. Нәтижесінде қазақ тілін ел азаматтары ғана емес, шетелдіктер де жедел игеруде.

Мемлекеттік тілді дамыту қорының басты жобаларының бірі Soyle.kz сайтын ниет білдіргендер дүние жүзінің кез-келген жерінен кіріп, еркін пайдалана алады. Халықаралық стандарттарға сай жұмыс істейтін

жоба 60 сабақтан, әртүрлі деңгейден және оларға байланысты жаттығулардан, ойындардан тұрады. Сабақтың соңында тест тапсырып, оқу дәрежесін анықтау, қайталау жағы қарастырылған.

Онлайн порталдың көмегімен қазір жарты миллион халық қазақша үйреніп, қазақша сөйлеуде. Жобаға қаржылай көмек көрсетілген сәттен бері Soyle.kz порталының қаралымы 13 000 000 асқан.



**Азат Шәуеев**, Мемлекеттік тілді дамыту қорының басшысы: «Еуропада тұратын қазақтар кириллица білмейтіндіктен, олар негізінен ағылшын тілін қолданады. Осыны ескеріп, орысшадан тыс ағылшынша, латынша нұсқасын жасап шығардық. Аласапыран жылдары Қытайдан Түркияға ауған қазақтар түрік тілінде сөйлеп, жазатынын ескеріп, түрікше-қазақша нұсқасын да жасап қойдық. Дәл қазір қосымшаға 350 мың адам тіркеліп, тіл үйреніп жатыр. Аз көрсеткіш емес. Мобильдік қосымша тұрғысында Android немесе iOS-тан 200 мың адам жүктеп алып, тіл үйренуде. Instagram парақшамызда 75 мыңнан аса жазылушымыз бар. Күнделікті жарияланатын жазбалар миллиондаған қаралым жинауда. Youtube арнамызға 50 мыңға жуық жазылушы қосылған. Осылай тек тіліміз ғана емес, әдебиетіміз бен мәдениетіміз, салт-дәстүріміз де насихатталады. Басты демейшіміз – «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры біздің елге пайдалы жұмыстарымызға үнемі қолдау көрсетеді».

**Қамтылған өңірлер:** ҚР және шетел азаматтары

**Серіктес:**

«Мемлекеттік тілді дамыту» қоғамдық қоры



**Николай Маевский**, Ресей Федерациясының азаматы, психолог, шахмат бойынша жаттықтырушы: «Түрлі дағдыларды іс жүзінде қатар шыңдай білген ләзім: оқу, жазу, сөйлеу, түсіну, есту. Олардың барлығын бірге дамыту қажет. Мысалы қазақ тілін зерттей отырып, мен көптеген омонимдерге тап болдым – сөздер бірдей жазылса да, мағынасы саналуан: түс – киімнің, заттың түсі немесе аттан түсу, түс көру. Бұл дегеніңіз, астарына үңіліп, байыбына барғанда ғана мағынасын ұғынасың. Жаңалықтарды оқумен шектелген бөлек, ал дархандығы мен байлығы, кеңдігі еріксіз таңғалдырады. Әр тілдің ерекшелігі бар, қазақ тілінде егер асықпай ойланып, бейнелеп, кестелеп шебер жеткізсең – өте сұлу, әдемі шығады! Осы орайда маған Soyle.kz жобасы көмектесті».

**БЮДЖЕТ**

**33,4** млн теңге





## СПОРТ КЕШЕНДЕРІ



Қостанай, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарында Қор қолдауымен дене шынықтыру-сауықтыру және ауа-тірек құрылымындағы көпсалалы спорт кешендері ашылды. Кешендерде спорттың саналуан түрімен айналысып, бой сергітуге болады. Осылайша ауылдық жерлерде бұқараның салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасалып, өскелең ұрпақ биік белестерге ұмтылып келеді.



**Елдос Боранбаев, бапкер:** «Бұрын-соңды Аманқарағай ауылында жаңа спорт кешені болмаған. Ауыл жастар мектеп қабырғасындағы залда дайындалып жүретін. Ал қазір 100-ге жуық ауыл жастары нысанда спортпен еркін шұғылданып, міне, чемпионаттарға қатысуға дайындық жұмыстарын жүргізуде. Мұнда волейбол, баскетбол, бадминтон мен үстел теннисі секілді ойын түрлеріне қажетті құрал-жабдықтар да бар».

БЮДЖЕТ

**1,2** млрд теңге

**Қамтылған өңірлер:** Қостанай, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстары



## АУЫЛДАРДАҒЫ ӘМБЕБАП СПОРТ-ОЙЫН АЛАҢДАРЫ



Маңғыстау, Жамбыл, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстарында жаңа спорт және ойын алаңдары салынды. Алаңдар жаңа, қауіпсіз, заманауи құрылғылармен жабдықталған. Тұрғындар және балалар, оның ішінде ерекше балақайлар оларда футбол, баскетбол, волейбол және басқа да спорт түрлерімен еркін айналысып, ойнай алады.



*Жандос Шаманаев, Жаңаөзен қ. тұрғыны: «Бұрын ауылымызда көшедегі ашық спорт алаңдары жоқ еді. Бар болса да өте ескілерінде жаттығу мүмкін емес тін. Қазір жастар да, тіпті ата-әжелер де заманауи жабдықталған спорт алаңында жаттығуға құмартып тұрады. Бізге бәрі ұнайды. Алғысымыз шексіз!».*

БЮДЖЕТ  
**1,25** млн  
теңге

**Қамтылған өңірлер:** Маңғыстау, Жамбыл, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстары



## ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА ОЙЫН ЖӘНЕ СПОРТ АЛАҢЫ



Өскемен қаласында аутизмі бар балаларға арналған оңалту орталығына құны 20 млн теңге балалар ойын және спорт алаңы табысталды. Орталықтағы балабақшаға 3-7 жас аралығындағы балалар қабылданса, бастауыш мектебінде 1-4 сынып аралығындағы жеткіншектер оқуда. Мұнда қазір жалпы 135 ерекше тәрбиеленуші бар.



БЮДЖЕТ  
**19** млн  
999 287  
теңге

**Қамтылған өңір:** Шығыс Қазақстан облысы

**Серіктес:** «Ғажайыптар әлемі» түзету және оңалту орталығы



## «SAMRUK BALA CUP 2023» БАЛАЛАР ХОККЕЙ ТУРНИРИ



Турнирге Қазақстанның 8 өңірінен және Өзбекстан пен Қырғызстан республикаларынан барлығы 300 бала қатысты. Турнирге Атырау, Ақтөбе, Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарының, Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан облыс орталықтары мен шағын қалаларынан құралған 24 команда, сондай-ақ, Өзбекстан мен Қырғызстаннан келген балалар командасы өнер көрсетеді. Турнирдің негізгі мақсаты – ҚР өңірлерінде хоккейді насихат-



тау және дамыту. Турнир «Altyn shaibaly» жобасы аясында жоспарланған алғашқы хоккей жарысы. Ойындар 11-14 желтоқсан аралығында «Барыс» спорт кешенінде өтті.

Жоба бойынша 2024 жылы ауылдық жерлердегі балаларға арналған тағы екі ауқымды балалар хоккей жарысы ұйымдастырылады.

**300** бала

**8** өңір



БЮДЖЕТ  
**115** млн  
221 325 теңге

**Қамтылған өңірлер:** Атырау, Ақтөбе, Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстары, Астана, Алматы және Шымкент қалалары

**Серіктес:**  
«Altyn shaibaly» қоғамдық ұйымы



## КРЕАТИВТІ ОРТАЛЫҚ: АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ КІТАПХАНАСЫН ЖАҢҒЫРТУ



Ақтөбе облысы орталығындағы С.Жиенбаев атындағы жасөспірімдер кітапханасын креативті шығармашылық кеңістігі ретінде ревитализациялау жүзеге асырылды. Мұнда жастар мазмұнды дүниелер жасап, фото-бейнежазба түсіре алады. Әуендер жазуға, суретшілер мен дизайнерлерге жұмыс істеуге, басқа да қызықты да пайдалы мүмкіндіктер бар. Осылайша бір уақытта 1200 адам қабылдай алатын кітапханада ұшқыр ойлы жастарды қолдауда коворкинг, ТІКТОК-аймақтар, шеберханалар ашылды.



БЮДЖЕТ  
**498,5** млн  
теңге

Қамтылған өңір: Ақтөбе қаласы

Серіктес:  
«YouthArt» қоғамдық қоры



# II КОРПОРАТИВТІК ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ФОРУМЫ

04



2024 жылдың 26 қаңтарында Астанада «Самұрық-Қазына» компаниялар тобының бірыңғай қайырымдылық операторы – «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының II Корпоративтік қайырымдылық форумы өтті. Форумда қайырымдылық операторының 2023 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша есеп берілді. Оған 300-ден астам үкіметтік емес ұйым өкілдері, өңірлерде көмек алған балалар мен ересектер, мемлекеттік орган, қоғам белсенділері, бизнес, БАҚ өкілдері, «Самұрық-Қазына» қоры тобының компания басшылары мен қызметкерлері қатысты.

Есеп беру кездесуінің алдында панельдік сессиялар өтіп, оларға қатысушылар қайырымдылық саласындағы соңғы заңнамалық өзгерістер, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, әлеуметтік жобаларды дамыту, табысты кейстер мен қаржылай қолдау шараларын талқылады. Сондай-ақ «Samruk-Kazyna Trust» қорымен серіктестікте жүзеге асқан әлеуметтік жобалар көрмесі ұсынылды.

Компаниялар тобы атынан бірыңғай қайырымдылық операторының есеп беру шарасында сөз алған «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов Қордың әлеуметтік саясаты жаңа деңгейге шыққанын айта келе, қайырымдылық қызметте инклюзия бағытына басымдық берілетінін атап өтті.

Сондай-ақ шара барысында Нұрлан Жақыпов Ақмола және Түркістан өңірлерінің басшылығына 5 жедел жәрдем көлігінің сертификатын табыстап, онлайн байланыс арқылы Батыс Қазақстан медициналық университеті аумағындағы оңалту бөлімінің тұсауын кесті. Орталықта 3000-ға жуық онкологиялық сырқаты бар жандарға көмек көрсетіледі. Сонымен бірге Қазақстанның Еңбек ері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Орталық кеңесінің төрағасы Бақтықожа Ізмұхамбетов «Samruk-Kazyna Trust» қорына Қазақстандағы қайырымдылық, меценаттық, еріктілер қозғалысын ынталандыру үшін «Ардагерлер ұйымымен» бекітілген «Ақ Бата» номинациясы бойынша «Үздік қайырымдылық қоры» марапатын табыстады.





**Нұрлан Жақыпов, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы:** «Біз ерекше балалар және қоғамның ерекше мүшелерімен байланысты жалғастыра түсеміз. 2024 жылы Қордың әлеуметтік саясаты дамудың жаңа деңгейіне көтерілетінін айтқым келеді. Оңалту орталықтарымыздан шыққан ерекше балаларды жұмысқа орналасуына жәрдемдесуіміз керек деп санаймын. Қордың әр аймағында «Қазпошта», «KEGOC», «Қазақстан темір жолы», «Қазақтелеком» сынды және тағы басқа еншілес компанияларымыз бар. Осы кәсіпорындарда қоғамның ерекше мүшелері үшін жұмыс орны табылады. Әкімдіктерді, корпоративтік және қайырымдылық ұйымдарды, бизнес пен ҰЕҰ ұйымдарын біздің әлеуметтік қызметімізде серіктес болуға шақырамын»



**Динара Зәкиева, ҚР Балалардың құқығын қорғау жөніндегі уәкіл:** «Бүгінде Қазақстанда 104 мыңнан астам баланың мүгедектігі бар, 180 мың ерекше білім беру қажеттілігі бар бала бар. Олар үшін оңалтудан өту өмірлік маңызды нәрсе. Мемлекет басшысы инклюзивті қоғамды дамыту мен оңалту орталықтары желісін құру арқылы инклюзивті инфрақұрылымды дамыту мен қолжетімді етуге үнемі назар аударады. Бұл бағытта «Самұрық-Қазына» қоры алғашқылардың бірі болып, емханалардың бос аумақтарында оңалту орталығын ашты. 2019 жылы 8 өңірде бірде-бір оңалту орталығы болмады. Салдарынан балалар оңалтудың бір курс емін астанада немесе басқа облыста алу үшін 4-5 жыл бойы кезекте тұруға мәжбүр болды. Қысқа мерзім ішінде «Самұрық-Қазына» «Қамқорлық қоры», «Қазақстан халқына» қоры сынды серіктестерімен бірге 35 оңалту орталығын ашты. Нәтижесінде 36 мың бала оңалтудан өтіп, 3 мың бала өмірлеріндегі алғашқы қадамдарын жасады. Сондықтан осындай маңызды бастамаға қолдау білдірген «Самұрық-Қазына» қорына алғысымды айтамын»



**Нұргүл Ұлжекова, «Тең мүмкіндіктер әлемі» ұйымының жетекшісі:** «Үш жыл бұрын біз алғаш рет әSamruk Kazyna Trust» қорына жүгініп, идеямыз «Саламатты болашақ» деп аталатын әлеуметтік жобада көрініс тапты. Біз жалпы Қазақстанда бейімдеу спортын дамыту үшін іргелі болып табылатын әдіснамаларды әзірледік және сынақтан өткіздік. Қазіргі уақытта Қордың бүкіл Қазақстан бойынша компаниялар тобының қолдауымен 23 қалада бочча, голбол, жүзу, каратэ, таэквондо, дзюдо, пионербол, футбол, жеңіл атлетика, хореография сияқты тегін бейімделген спорт секцияларының желісі құрылды. Сабақтар республикалық және халықаралық жарыстарда үздік нәтижелер көрсетуге мүмкіндік берді. Мәселен, балаларымыз Ұлттық құраманың мүшелері, әлемдік спорт жарыстарында топ жарып жүр. Жүздеген ерекше бала денесін шынықтырып, коммуникативті дағдыларын жетілдіре отырып, әдеттегі спорт үйірмелеріне ауысты»



**Гвидо Треццани, «Каритас Қазақстан» ұйымының жетекшісі:** Сіздердің қолдауларыңызбен біз шағын орталықты жаңа және үлкен ғимаратқа ауыстырдық, онда барлық кабинеттер қажетті жабдықтармен жабдықталып, ерекше балаларға сапалы көмек көрсету үшін жағдай жасадық. Осылайша жыл сайын 190 бала, яғни екі есе көп бала көмекпен қамтылды. Бұл ретте бізбен тұрақты жұмыс істейтін 20 маманды оқыттық. Қазақстанның 7 қаласында ата-аналарға және балаларды бағалауға арналған семинарлар өткіздік. Кез-келген жұмыста нәтиже маңызды. Даун синдромы бар балалардың нәтижеге жетуі қарапайым балаларға қарағанда күрделірек. Орталықта бірнеше жыл бойы көмек алып жүрген балалар өзіне-өзі қызмет көрсету, тапсырмаларды өз бетінше орындау дағдыларын меңгеріп, қоғамда әлеуметтенеді. Балаңыз бұрын білмеген нәрсені жасай бастауы әр ата-ана үшін мақтанышпен бақыт деуге болады. Бізде кәсіптік бағдарлау тобы да бар, соның арқасында балаларды жұмысқа орналастыруға дайындаймыз. Өткен жылы екі ерекше бала Қазақстандағы «Эйр Астанадағы» әуекомпаниясына жұмысқа орналасты»



# АҚПАРАТТЫҚ ЖҰМЫС

05



«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында халық арасында «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобындағы қайырымдылық саласының жаңа келбеті кеңінен насихатталды.

Компаниялар тобының қайырымдылық қызметі туралы республикалық және өңірлік БАҚ беттерінде, әлеуметтік желіде 6 081 материал жарыққа шықты. Бұл өткен жылдың сәйкес мерзіміне қарағанда 2 есеге көп.

2022 жылы 10 өңірде қалың жұртшылықпен, ҮЕҰ өкілдерімен, журналистермен, қоғамдық пікір көшбасшыларымен, өңірдегі еншілес және тәуелді ұйымдардың өкілдерімен 78 кездесу өткізілді.

Қордан көмек алған үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік жобалары бойынша 64 PR-шара, Алматы қаласы мен Атырау облысында 2 пресс-тур өткізілді.

Қалың жұртшылықты және портфельдік компаниялардың персоналын жедел және толық ақпараттандыру мақсатында мамыр айынан бастап «Эйр Астана» АҚ ұшақтарында, теміржол вокзалдарында, «Тальго» және фирмалық пойыздарда, «Самұрық-Қазына» АҚ ғимараты лифтілерінің ақпараттық экрандарында, «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінде, «Барыс» аренасында әлеуметтік жобалар туралы бейнематериалдар орналастырылды.



**1 325** материал  
БАҚ-та

**4 756** материал  
Әлеуметтік желілерде

**70** әлеуметтік және  
ақпараттық ролик





# БАЙЛАНЫС

Сығанақ көшесі, 17/10 үй, 11 қабат

+7 (7172) 57 68 98

[info@sk-trust.kz](mailto:info@sk-trust.kz)

Өтініш беру:



<https://sk-trust.kz/kk/oetinishti-zhiberu/>

Әлеуметтік желідегі парақшаларымыз:



@samruk\_kazyna\_trust



@samrukkazynatrust



@samrukkazynatrust



**SAMRUK**  
K A Z Y N A  
• TRUST •

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ  
ДАМУ ТУ ҚОРЫ

**ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚҚА ҮЛЕС ҚОС!  
СЕРІКТЕСІМІЗ БОЛ!**





SAMRUK  
K A Z Y N A  
• TRUST •

